

Барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулері туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қалалық мәслихатының 2017 жылғы 27 қыркүйектегі № 19/112-VI шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 12 қазанда № 4229 болып тіркелді

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 1 тармағының 2) тармақшасына және 47 бабының 4 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Түркістан қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, Түркістан қаласының барлық білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысаны бойынша білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүрулеріне құқық берілсін:

1) бірінші сыныптан төртінші сыныпқа дейінгіні қоса алғанда – тегін жол жүру.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрайымы
Қалалық мәслихат
хатшысы

А.Тилепова

Ғ.Сарсенбаев